

Утепкалиева Гүлсара
тарих пәнінің мұғалімі
Атырау облысы Индер ауданы
М.Әуезов атындағы орта мектеп



ҚАЗАҚСТАН
РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
КОНСТИТУЦИЯСЫ

Ата Заңым – азат елдің арқа сүйегі

● **Мақсаты:**

- Мемлекеттік мереке азаматтарымыздың құқығы мен бостандығының кепілі – ел Ата Заңының 15 жылдығына орай конституция бойынша алған білімдерін күнделікті өмірде қолдана білетін тұлғаны тәрбиелеу;
- Саяси өмірден хабардар , қоғам алдында тұрған мақсаттарды шешуге белсене араласатын жеке тұлғаны қалыптастыра отырып шығармашылық, іздемпаздық дағдысын дамыту;
- Қоғамдық өмірде өз орнын дұрыс анықтай алатын, Қазақстанды бәсекеге қабілетті елу елдің қатарына қосуға үлес қосатын, бойына тұлғалық асыл қасиеттерді сіңірген патриот азамат тәрбиелеу.

Өркениетті қоғамның өзгермейтін кепілі

- “Конституция”-латын тілінен аударғанда “құрлыс” деген ұғымды білдіреді. Қазақша мағынасы- ел, мемлекет болудың тетігі деген сөз.
- Онда маңызды үш мәселе –мемлекеттік және қоғамдық құрлыс, адамның немесе азаматтың құқықтық мәртебесі және мемлекеттік органдардың қызметтік жүйесі қамтылған.

Конституция тарихынан

Конституция тарихынан

- 1787 ж. 17 .09. АҚШ-та алғашқы Конституция қабылданды.
- 1798 ж. Францияда адам және адамзат бостандықтары мен құқықтарының Декларациясы қолданысқа енді.
- 1791 ж. Польшада,
- 1831ж. Болгарияда,
- 1848 ж. Италияда,
- 1866 ж. Румынияда,
- 1868 ж. Люксембургте,
- 1871 ж. Германияда,
- 1874 ж. Швейцарияда,
- 1887ж. Голландияда, 1889 ж. Жапонияда,
- 1911 ж. Португалияда,
- 1946, 1959, 1980, 1992 жылдары түрлі өзгеріс, толықтырулармен Вьетнамда,
- 1949 ж. Венгрияда Конституция қабылданып, оған 1868, 1990 жылдары толықтыруенгізілді.
- 1950 ж, Үндістанда дүние жүзінде көлемі жағынан ең үлкен -456 баптан тұратын Конституция қабылдады.
- 1954,1975, 1978, 1982 жылдары толықтырулармен Қытайда,
 - ТМД көлемінде
- 1991 жылы 8.12. Өзбекстанда,
- 1992 ж, 1.05, Түркіменстанда,
 - 5,05.ж. Қырғызстанда,
- 1994 ж. Белоруссияда,
- 1995 ж, 5.07, Арменияда,
 - 24,08, Грузияда,

Қазақстан Республикасының Конституциясының даму тарихы

Қырғыз Кеңестік
Социалистік
Республикасының
1926 жылғы
18 ақпандағы
Конституциясы¹

Қазақ Кеңестік
Социалистік
Республикасының
1937 жылғы
20 наурыздағы
Конституциясы


Қазақ Кеңестік
Социалистік
Республикасының
1978 жылғы
20 сәуірдегі
Конституциясы

Қазақстан
Республикасының
1993 жылғы
28 қаңтардағы
Конституциясы

Қазақстан Рес-
публикасының
1995 жылғы
30 тамыздағы
Конституциясы

¹1926 жылғы Конституция ҚАКСР Орталық Атқару Комитетінің қаулысымен бекітіліп, РКФСР Бүкілроссиялық Орталық Атқару Комитетіне бекітуге жіберілген болатын. Бірақ бұл Конституцияның соңғы жобасы онда қаралмады. Сондықтан ол республика аймағында іс жүзінде қолданылмады.

Қазақстан Конституциясының Конституциялық қабылдау күні 1995 жылғы 30 тамыз мейіреттік



Қазақстан Республикасының Конституциясын қабылдаған күн


**1995 ЖЫЛҒЫ 30 ТАМЫЗ —
МЕМЛЕКЕТТІК МЕРЕКЕ**

1. Республикалық референдумда қабылданған Қазақстан Республикасының Конституциясы референдум нәтижелері ресми түрде жарияланған күннен бастап күшіне енеді, сол мезгілден бастап бұрынғы қабылданған Қазақстан Республикасы Конституциясының күші жойылады.


2. Республикалық референдумда Конституция қабылданған күн мемлекеттік мереке — Қазақстан Республикасының Конституциясы күні деп жарияланады.

(Конституцияның 90-бабы)

1995 ЖЫЛҒЫ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ КОНСТИТУЦИЯСЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ



**Еліміздің ертеңгі тағдыры сіздермен байланысты.
Н.Ә.Назарбаев**



Өзімнің ата жұртымда өз заңым билік құрып тұр!

Тереңнен созған тамырын,ғасырдан тартқан желісін,
Тарихтан асқан қастерлі ақиқат жоқ-ау мен үшін,
Бабалар жортқан боз дала- аяулы алтын құндағым,
Армандай болған Азаттық- алғашқы ұлы жеңісім.
Едіге жырдың найзасын егесте қанша сынадық,
Айқаста құшсақ ат жалын, намыстан ғана жыладық.
Көк бөрі текті түркінің көзіндегі өткір билікті,
Көкенай менен Майқыдан алып қалғанбыз мұра ғып,
Даланың дана заңында қаны бар қайсар қазақтың,
Талқан қып теуіп шыққанбыз темір есігін тозақтың.
Тұлпардың тұяқ дүбірін тыңдашы, дархан дүние,
Сұңқардай зият ғұмырым, Азатпын бүгін, Азатпын!
Ақынға құлақ асыңыз, ақтарып жатпай мұрағат,
Айбынды ата заңымда билерден қалған ұлағат.
Қасиеті мен киесін бір ауыз сөзге сиғызған,
Қазақ боп туған сәтімде –ақ қонған ғой маған сірә, бақ.
Айбынды Ата Заңымда абырой-күшім, ар құсым,
Ұсқыны болып тұр оның ұлтымның ұлы болмысы.
Алтын жіп өрген арқауын бекзада біздің халықтың,
Бергісі мен арғысы, Тәукенің Жеті Жарғысы...
Тамұқта түскен тыртықты тағдырым бүгін ұмыттыр,
Жаураған жүрек болса егер, жылы сөзіңмен жылыт бір.
Өзегі күйген ерлердің өкінішінің өтеуі,
Өзімнің ата жұртымда өз заңым билік құрып тұр.

Әлия Даулетбаева